

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша менгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақшасы				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» Бала саны 25				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Қасымбекова Гулзакира				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	29.05 - 02.06.2023ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сарсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызыын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл құймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			Ойыншықтарды ретке келтіру (тәрбиешімен бірге). Мақсат-міндеттер: балаларға ойын сөрелеріндегі реттілікті сактауға, ойыншықтарды орнына қоюға үйрету. (енбек дағдылары)	Бөлме өсімдіктерін суару. Мақсат-міндеттер: бөлме өсімдіктеріне дұрыс қарауға, су құйғыштың тұмсығын өсімдік өскен ыдысқа тіреп, суаруға баулу. (енбек дағдылары)
			Музыкалық аспаптардың көмегімен оиналатын көңілді ойындар. Мақсат- міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажыратса білуге үйрету. (музыка) "Шапалақты	Саусаққа арналған жаттығу: "Сәлем". Мақсат-міндеттер: балаларды қымылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Сәлемдесем әрдайым

			<p>тында" ойыны. Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді ұйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қымылдарды жасау.</p> <p>Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады. (дene шынықтыру)</p> <p>Көркем әдебиеттен оыйн-жаттығу "Адасқан құмырсқа" ертегіci Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегіні әнгімелеп беру,</p>	<p>(Екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды) Үйде және бақшада (Екі қолдарын алға жаяды) Тіпті "сәлем" - деймін мен ("Қанаттарын" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады) Қасымдағы көршіме. (Бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан- жаққа аша «күн» жасайды). (сөйлеуді дамыту, дene шынықтыру)</p> <p>Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: артикуляцияны,</p>
--	--	--	--	---

				шыдамдылық пен адамгершілік, достық сезімдеріне тәрбиелеу; есте сақтау қабілетін дамыту; тілдік қорын молайту; өз ойын ашып айтуға үйрету.	сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ". Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты. Жердің екі бетіне Жеті жеңін жауыпты. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Таңтеренгі жаттығу	Таңғы жаттығу: "Достық". Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос, (Қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес, (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес, Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіру, босаңсыту) (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстau, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлышты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-شاраптай төкпей іш, Сораптамай баппен іш.				

	<p>Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>		
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		<p>"Сақина" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуши барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәт сақина тасталған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп</p>	<p>"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе өртегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен</p>

				дауыстайды.	тәнистыру)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет				<p>Сурет салудан оіын-жаттығу "Көрікті қала" Мақсат-міндеттер: Негізгі түстерді тануды үретуді жалғастыру; балаларға сурет салу тәсілдерінің алуан турлілігі жайлы түсінік беру; түсті құммен сурет салуды, түстер гаммасын таңдауды үрету; түстерді қабылдауды, қолдың қимыл координациясын, есте сақтау қабілеттерін дамыту; мейірімділікке тәрбиелеу, туған қаласының сұлулығына жағымды эмоцияларын ояту.</p>	<p>Музыкадан ойын- жаттығу "Кемпірқосақ - жайдарман" Мақсат-міндеттер: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір- бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтырудан оіын-жаттығу "Жарқын түсті кемпірқосақ" Мақсат-міндеттер: Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүрге</p>

				<p>Коршаган ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Кемпірқосақта қонақта" Мақсат-міндеттер: Табиғат құбылысы - кемпірқосақпен таныстыру; қоршаған әлемнің түстерінің әртүрлілігіне эмоционалдық сезім тудыру; тұс атауы (қызыл, сары, жасыл, көк) туралы білімдерін бекіту; сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту; табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін, табиғат сұлулығын көре білу табиғатты құрметтей білуге тәрбиелеу.</p> <p>жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін дамыту; тұрган заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін жетілдіру.</p>
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)			

Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Серуен	<p>Көшеде кетіп бара жатқан көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сойлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға жеңіл және жүк көлігін ажыратса білуге үйрету, байқағыштықты дамыту, өз ойларын дұрыс жеткізе білу.</p> <p>Балалармен көшеде кетіп бара жатқан көліктерді қарастыру, оларды жүк, жеңіл көліктерге жіктеуді үйрену.</p> <p>Жұмбақ жасыру.</p> <p>Кеудесінде жаны жоқ,</p> <p>Тамырында қаны жоқ:</p> <p>Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сойлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртқы түрінің ерекшеліктері туралы білімді тереңдегу, балалардың назарын және есте сақтауын дамыту.</p> <p>Балаларға сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, торғай қандай? - Ол немен қоректенеді? Шоқиды ма, жейді ме? Неге? - Қалай дыбыстыайды? <p>Торғай – кең далада тіршілік ететін әнші құс. Денесі сопақша, басы дөнгелек,</p>

				<p>Май жейді, су ішеді. Бұл не еken балалар? (Көлік.)</p> <p>Еңбек әрекеті: учаскені ұсақ бұтақтар мен тастардан тазарту.</p> <p>(еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу.</p> <p>"Көліктердің дыбысын ажырат" оныны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілетін дамыта отырып, есте сақтау қабілетін арттыру, байқампаздыққа баулу.</p> <p>Әр түрлі көліктердің дыбыстарын тәрбиеші балаларға тындаатқызды.</p> <p>Балалар ажыратуға тырысады.</p> <p>"Көлік пен</p>	<p>тұмсығы үшбұрышты, қанаты ұзын, сұрғылт, боз түсті болып келеді. Тақпақ.</p> <p>Торғай, торғай, тоқылдақ,</p> <p>Жерден тары шоқып ап,</p> <p>Бөтегесі бұлтиып, Шық-шық етіп отырмақ.</p> <p>Еңбек әрекеті: учаскедегі гүлзарларды тазалау.</p> <p>(еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: еңбекке дағдыландыру; ересектерге көмек көрсетуге ынталандыру.</p> <p>"Жапалақ" қымыл- қозғалыс оныны.</p> <p>(дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша,</p>
--	--	--	--	--	--

			<p>торғайлар" қымыл-қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қымылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Эр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болындар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп</p> <p>белгілерге сай қымылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қымылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. Ойнанда бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар аланда!" - создері айттылады. Екінші белгі: "Тұн</p>
--	--	--	---

			<p>орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар.</p> <p>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.</p> <p>Балалардың еркін ойыны.</p>	<p>батты! Шапалак аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады. Бірінші белгіде оыйнышылар аланда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде оыйнышылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозгалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдал, оыйн жалғасады. Құралдары: оыйнышыларға медальондар, "жапалаққа" маска. Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыс. (</p> <p>Мақсат-міндеттер: кеңістіктеге</p>
--	--	--	---	--

					бағдарлауды дамыту (бір-біріне итермestен жүгіру). Балалардың еркін ойны.
Серуенин оралу	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Тұскі ас	Балалардың назарын тамаққа аудару; тамақтану мәдениетін қалыптастыру, үстел үстіндегі өз-өзін ұстау ережелерін үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі үйқы	Балалардың тыныш үйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Енді ояндындар, төсектен тұрындар. Әдемі ирек жолдармен, Лақтарша біз ойнақтап, Тастан - тасқа секіріп, Жалаң аяқ жүреміз. Табанымызды уқалаймыз. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)				"Кім қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттер: сөйлеуді дамыту, сөздерді дұрыс	"Тәртіпке келтір" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттер: балаларды "орнына қою", "орнына апару"етістіктерін

				<p>пайдалануға үйрету. Құрал-жабдықтар: жануарлардың ойыншықтары: этеш, торай, балапан, мысық, күшік. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға аудиожазба арқылы жануарлардың дауыстарын тындаатқызады. Тәрбиеші: - Күкареку! Бұл не? Қандай дыбыс шығарып түр. Бұл этеш. - Хрю-хрю-хрю... Бұл не? Торай. Ол қандай? жалқау. - Шиқ-шиқ... Бұл не? Балапан. Ол не істейді? Шиқылдайды. - Мияу-мияу... Бұл не? Мысық. Ол не істейді? Мяулайды. - Ав-ав... Бұл не? Ол </p> <p>қолдана отырып сөйлем құруға үйрету. Құралдар: түрлі-түсті текшелер жиынтығы (әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс) және 4 кішкентай түрлі-түсті қораптар. Ойын барысы: Тәрбиеші балалардың назарын текшелерге аударады және олардың қандай түс екенін сұрайды. - Енді сендер қырышқақтың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз (үстелге түрлі-түсті қораптар қойылады) - Қырышқаққа қараңыз, ол не істейді?(қырышқақ қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады) " - - Ия, ол </p>
--	--	--	--	--

			<p>не істейді? Үреді. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойны. Мақсат-міндеттер: балаларға оыйнышықтарды жалпы белгілер бойынша жіктеуге үйретуді жалғастыру, диалогтық сөйлеуді дамыту, өзара көмек сезіміне тәрбиелеу, балалардың сөздік корын кеңейту, сенімділіктерін арттыру. Құрал-жабдықтар: дүкенде сатып алуға болатын барлық оыйнышықтар, сөрелер, сөмкелер, акша. Тәрбиеші балаларға оыйнышықтар дүкенін ыңғайлы жерде орналастыруды</p> <p>қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады. Бұны куыршақ жасады? -Сары текшелерді қай қорапқа салу керек? Сары қорапқа дұрыс айтасындар. - Сол сияқты, көк текшениң көк қорапқа, жасыл текшени жасыл қорапқа салады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаган ортамен тәнисстыру)</p> <p>"Аурұхана" сюжетті-рөлдік ойны. Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету.</p>
--	--	--	--

				<p>ұсынады. Сатуши тәрбиешінің өзі, сатып алушы балалар болады. Сатып алушылар дүкенге ойыншықтар үшін келеді, таңдайды, төлейді. Ойын барысында тәрбиеші балалардың дүкендегі мінезд-құлықтың негізгі ережелерін білуіне назар аударуы керек.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p>
Балалармен жеке жұмыс				<p>"Көліктеге арналған түрлі-түсті жолдар" ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: түске назар аудара отырып, сурет салуды үйрену, сөздік қорларын толықтыру.</p>	<p>Көркем сөзді жаттау жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.</p> <p>"Кемпірқосақ".</p>

				(сөйлеуді дамыту, сурет салу)	Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Суретші екен табиғат, Бояуларын дайындал, Тұр-түсін дәл тауыпты, Кемпірқосақ салыпты. Ш. Элдібекұлы. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен				Көліктерді бақылауды жалағастыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен тәныстыру) Мақсат-міндеттер: балалардың назарын кешке балабақшаға келетін көліктерге аудару;	Торғайды бақылауды жалағастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен тәныстыру) Мақсат-міндеттер: торғай туралы түсініктерді жетілдіру; зеректікке,

			<p>байқағыштыққа тәрбиелеу.</p> <p>Бұл көліктердің көпшілігі -женіл көліктер. Женіл көліктер жайлы мәлімет беру.</p> <p>"Көлік пен торғайлар" қымылды ойыны. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қымылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшандыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.</p> <p>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады.</p> <p>Педагог белгісі бойынша "торғайлар"</p>	<p>қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды.</p> <p>Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды.</p> <p>Таспен атып торғайды Ұя бұзған оңбайды.</p> <p>Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды.</p> <p>"Мысық пен торғайлар" қымыл-қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қымылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге</p>
--	--	--	--	--

				<p>залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болындар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар.</p> <p>"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.</p>	<p>бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Алғашында "мысық" рөлін педагог атқарып, кейін балалар арасынан таңдалады.</p> <p>"Торғайлар" белгілі жерге жиналады немесе орындықтарға отырады; бұл жер "торғайлардың ұясы".</p> <p>Педагогтің: "Торғайлар, ұшындар! Жемді шоқындар!" деген нұсқау-белгісі бойынша балалар жүгіріп келіп, топғайлардың қимылдарына елікте, "ұшып жүргенін, отырып, жемді шоқығанын" көрсетіп, ойнайды.</p>
--	--	--	--	--	--

			<p>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады.</p> <p>Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді.</p> <p>Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар.</p> <p>Еңбек тапсырмасы: қураған жапырақтарды жинау. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер: тазалықта тәрбиелу.</p> <p>Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>Педагогтің: "Абайландар, мысық ыршып алмасың! (дегенге - балалар бастапқы орындарына, бір-біріне соғылмай жүгіреді. Балалардың белгілі орынға жүгіру барысында, олардың арасынан қолмен ақырын түртіп, "ұстап алуға" болады. Бұндай әрекетті "мысық" болған бала да жасай алады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Құралдары: "мысыққа" - маска, "торғайларға" медальондар.</p> <p>Еңбек тапсырмасы: құмды құмсалғыштың шетінен құмды ішке қарай сипыру. (еңбек</p>
--	--	--	---	--

					іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.
Серуениен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараптасу және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертеғілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамактар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері)</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (коршаған ортамен таныстыру)</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)				Ата-аналарды "Серуендеуге арналған ойыншықтар" науқанына қатысуға шақыруды ұсыну.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтау туралы ата-аналармен әңгіме.

Әдіскер:

А.А.Сулейменова